

Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына ақшалай өтемақы төлеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 277 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 маусымда № 32965 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 130-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына ақшалай өтемақы төлеу қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі*

Т. Дуйсенова

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі

Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына ақшалай өтемақы төлеу қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 01.04.2026 № 113 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына ақшалай өтемақы төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 130-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес ақталған жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына, жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балаларына біржолғы ақшалай өтемақы төлеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) ақшалай өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпочта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

3) ақшалай өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган – уәкілетті мемлекеттік органның ведомствосының аумақтық бөлімшесі;

4) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-тарау. Ақшалай өтемақыны төлеу тәртібі

3. Заңның 22-бабында көрсетілген негіздер бойынша ақшалай өтемақы алуға құқығы бар азаматтар ақшалай өтемақы тағайындау үшін тұрғылықты тұратын жері бойынша ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымға мыналарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке басты куәландыратын құжат;

3) ақшалай өтемақы алу құқығын растайтын құжат (прокуратура органдарынан немесе сот органдарынан Заңның 22-бабында көрсетілген орындарда болған кезеңі көрсетіліп ақталғаны туралы анықтама).

Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарының балалары үшін қосымша – туу туралы куәлік не тууды мемлекеттік тіркеу туралы акт жазбасынан үзінді көшірме, прокуратура органдарынан немесе сот органдарынан Заңның 22-бабында көрсетілген орындарда болған кезеңі көрсетіліп ата-анасының біреуінің ақталғаны туралы анықтама.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақтың үшінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 01.04.2026 № 113 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым жеке басты куәландыратын құжаттар, тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтерді " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

4. Ақшалай өтемақы тағайындау үшін қажетті құжаттардың түпнұсқасы және салыстырып тексеру үшін көшірмелері аудандық (қалалық) ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдарға ұсынылады.

Өтінішті қабылдаған кезде салыстырып тексерілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі аудандық (қалалық) уәкілетті ұйымдардың жұмыскерлері құжаттардың көшірмелерін растайды, істерді қалыптастырады, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ақшалай өтемақы тағайындау туралы шешімдердің жобаларын дайындап, оларды өтініш қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдарына жібереді.

5. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдары істерді және ақшалай өтемақы тағайындау туралы шешімдердің жобаларын бес жұмыс күні ішінде ақшалай өтемақы тағайындау жөніндегі тиісті уәкілетті органға жібереді.

6. Ақтау туралы анықтамада бас бостандығынан айыру орындарында, психиатриялық мекемелерде, арнайы қоныстарда болған уақыты, сондай-ақ бас бостандығы шектеулі жағдайда мәжбүрлі еңбекке (оның ішінде "еңбек армиясы", "

НКВД жұмысшылар колониясы" деп аталатындарда) тартылған уақыты туралы ақпарат жеткіліксіз көрсетілген жағдайда ақшалай өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органдар мен ақшалай өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдар прокуратура органдарының архивтерінен қосымша анықтамаларды сұратып алады.

7. Бас бостандығынан айыру орындарында, психиатриялық мекемелерде, арнайы қоныстарда негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың болған мерзімі, сондай-ақ бас бостандығы шектеулі жағдайда мәжбүрлі еңбекке (оның ішінде "еңбек армиясы", " НКВД жұмысшылар колониясы" деп аталатындарда) тартылған уақыты көрсетілген, ақталғанын растайтын анықтама келіп түскен кезде ақталуы туралы бұрын берілген анықтама ақшалай өтемақы тағайындауға негіз болып табылады.

8. Ақшалай өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдарынан құжаттар мен шешімдердің жобалары келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ақшалай өтемақы тағайындау не оны тағайындаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдайды және іс пен бұл шешімдерді белгіленген тәртіппен ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі аудандық (қалалық) уәкілетті ұйымдарға береді.

Ақшалай өтемақы тағайындау не тағайындаудан бас тарту туралы шешімге ақшалай өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органның басшысы (не оның міндетін атқарушы адам) қол қояды.

Ақшалай өтемақы тағайындаудан бас тартылған жағдайда ақшалай өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган оны тағайындаудан бас тартудың себебін жазбаша уәждейді және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдары арқылы тиісті құжаттарды өтініш иесіне беру үшін аудандық (қалалық) ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті органдарға қайтарып береді.

9. Айлық есептік көрсеткіш өзгерген кезде ақшалай өтемақы сомасын қайта есептеуді аудандық (қалалық) ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым жүргізеді, ол облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымы арқылы ақшалай өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға тиісті шешімнің жобасын бекітуге жібереді. Ақшалай өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті орган ақшалай өтемақыны есептеудің дұрыстығын тексереді және үш жұмыс күні ішінде ақшалай өтемақыны бекітеді не оны қайта есептеу жөнінде шешім шығарады.

10. Егер ақшалай өтемақылар Заңның 22 және 23-баптарының қолданылуы жаңғыртылғанға дейін тағайындалған болса, онда аудандық (қалалық) ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдары

арқылы ақшалай өтемақы тағайындау туралы шешімнің жобасын ақшалай өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады, ол қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерін ескере отырып, оны бекіту туралы шешім шығарады.

11. Ақшалай өтемақылар төлеуді ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым ақшалай өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдар арқылы ақшалай өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органдардың шешіміне сәйкес ақшалай өтемақы алуға құқығы бар алушылардың банк шотына есептеу жолымен жүзеге асырады.

Қаражатты МТ100 форматындағы төлем тапсырыстарымен аударған кезде аудандық (қалалық) ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар тізім-ведомостарды дайындайды және оларды ақшалай өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдарға береді.

Ақшалай өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым ақшалай қаражатты алғаннан кейін тізім-ведомосқа сәйкес оны аудандар (қалалар) бойынша бөледі және төлеуді жүзеге асырады.

Қаражатты МТ102 форматындағы төлем тапсырыстарымен аударған кезде ақшалай өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдар тізім-ведомостарды электронды түрде алады.

12. Егер ақшалай өтемақы есептелген, бірақ ақталған адам қайтыс болуы себебінен алынбаған жағдайда өтемақының тағайындалған сомасы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес мұрагерлеріне төленеді.

13. Аудандық (қалалық) ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар уәкілетті мемлекеттік орган көрсеткен күнге және ақшалай өтемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органдар шешімдерінің негізінде ақшалай өтемақы алушылардың тізімін жасайды және оны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдарына ұсынады.

14. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдары ақшалай өтемақы төлеу үшін қажетті қаражат туралы аудандық (қалалық) ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар берген ақпаратты жинақтайды және оны ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымға береді.

15. Ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға ақшалай өтемақы төлеу үшін қажетті қаражаттың қажеттілігі туралы ақпарат береді.

16. Уәкілетті мемлекеттік орган өзінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша тиісті жылға арналған қаржыландыру жоспарларына сәйкес бөлінген сомалар шегінде ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның банк шотына қаражат аударады.

17. Ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым бөлінген қаражатқа сәйкес облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша ақшалай өтемақы төлеу графигін жасайды.

18. Ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым банктік үш күн ішінде алынған қаражатты төлем тапсырыстарымен ақшалай өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға аударады.

19. Ақшалай өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым ақшалай қаражатты алған кезде алушыларға ақшалай өтемақы беруді жүзеге асырады.

20. Төленген ақшалай өтемақы сомалары бойынша облыстық, аудандық (қалалық) ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар мен ақшалай өтемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдар арасында салыстырып тексеру актілері жасалады.

21. Бөлінген трансферттер бойынша уәкілетті мемлекеттік орган мен ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның арасында ай сайын салыстырып тексеру актісі жасалады.

22. Ақшалай өтемақы беру жөніндегі қызметтерге ақы төлеу ақшалай өтемақы төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым мен ақшалай өтемақыны беру жөніндегі уәкілетті ұйым арасында заңнамада белгіленген тәртіппен жасалған шарт негізінде жүргізіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 01.04.2026 № 113 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жаппай саяси қуғын-сүргіндер
құрбандарына ақшалай өтемақы
төлеу қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің Еңбек және
әлеуметтік қорғау комитетінің

_____ аумақтық бөлімшесінің басшысына

Өтініш

Маған біржолғы ақшалай өтемақы тағайындауыңызды сұраймын

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

Туған күні _____ ж. " ____ " _____

Мекенжайы _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі _____

(құжаттың түрі көрсетіледі)

Сериясы _____ нөмірі _____ кім берді _____

Банк шотының № _____,

Банк атауы _____

Зейнетақы, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мемлекеттік арнайы жәрдемақы, арнайы мемлекеттік жәрдемақы аламын

_____ (қажеттісінің асты сызылады)

Біржолғы ақшалай өтемақының бір бөлігін немесе толық мөлшерін бұрын басқа республикада алғаны-алмағаны (жоқ, иә; алған болса, қандай негізде алғаны көрсетіледі)

_____ Ақтау туралы анықтаманың нөмірі және оның берілген күні

_____ Біржолғы ақшалай өтемақы тағайындау үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға

және өңдеуге келісім беремін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Күні _____ Өтініш берушінің қолы _____

Өтініш қабылданды (күні) _____

Өтінішті қабылдаған маманның Т.А.Ә. (бар болса) _____

Қолы _____

Жаппай саяси қуғын-сүргіндер
құрбандарына ақшалай өтемақы
төлеу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Ақшалай өтемақы тағайындау туралы шешім

20__ ж. _____ № _____ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің _____ облысы (қаласы) бойынша департаменті

Азамат _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Жынысы _____ Туған күні _____

Ақтау туралы анықтаманың берілген күні _____

Ақтау туралы анықтаманы берген органның атауы

_____ берілген _____ № _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

ақтау туралы анықтамаға сәйкес

Бас бостандығынан айыру орындарында, психиатриялық мекемелерде, арнайы қоныстарда

болған уақыты, сондай-ақ бостандығы шектелген жағдайда мәжбүрлі еңбекке тартылған

(оның ішінде "еңбек армиясы", "НКВД жұмысшылар колоннасы" деп аталатындарда

болған) уақыты 19__ж.____ - 19__ж._____ аралығын құрайды.

Бас бостандығынан айыру орындарында, психиатриялық мекемелерде, арнайы қоныстарда

болған толық айлардың саны, сондай-ақ бостандығы шектелген жағдайда мәжбүрлі еңбекке

тартылған (оның ішінде "еңбек армиясы", "НКВД жұмысшылар колоннасы" деп аталатындарда) уақыты

_____ құрайды

(жазумен)

Есептелген сома _____

(жазумен)

Осы сома төленетін айлардың саны көрсетілген ағымдағы жылы төленуге жататын сома

_____ (жазумен)

Осы сома келесі екі жылда төленуге тиіс айлардың саны көрсетілген төленуге жататын

қалған сома _____

(жазумен)

М.О. Департамент басшысы _____

(қолы) (тегі)

Тағайындау жөніндегі маман _____

(қолы) (тегі)

Шешім жобасын дайындаған:

М.О. Мемлекеттік корпорация

бөлімшесінің бастығы _____

(қолы) (тегі)

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы _____

_____ (қолы) (тегі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК